Кестеден көріп отырғанымыздай, 3 мектепте интернет жылдамдығы 10 Мбит/секундтан төмен. 7 мектеп компьютерлермен жабдықталған. Мектептерде компьютерлік сыныптар қарастырылған. Келесі кестеде шекара маңындағы мектептерде онлайн сабақтарды ұйымдастыруға дайындық жағдайы берілген.

2.14.3-кесте. Шекара маңындағы мектептерде онлайн сабақтарды ұйымдастыруға дайындық жағдайы

№	мүмкіндіктер	Сандық көрсеткіш
1	Шекара маңындағы мектеп саны	7 (0,69%)
2	Интернет жылдамдығы 10 Мбит/сек төмен мектептер	3 (42%)
3	Интернет жылдамдығы 10 Мбит/сек жоғары мектептер	4 (57%)
4	Компьютерлік паркпен қамту мәселесі	309 (65%)

5	Компьютерлік сыныптардың болуы	7 (90%)
---	--------------------------------	---------

Кестеден көріп отырғанымыздай, өңірдің шекара маңында орналасқан 7 мектебінің интернет жылдамдығы 10 Мбит/секундтан жоғарысы – 4 (57%), мектептердің компьютерлік-техникалық паркпен қамту мәселесі – 309 (65%) шешілген. Мектептер 7 компьютерлік сыныппен жабдықталған.

Берілген тарауда Республика бойынша 14 өңірдегі шекара маңымен шектескен аудандардағы 350 мектептің материалдық-техникалық базасы бойынша мәліметі берілген.

Шекара маңындағы ауылдардағы мектептердің жағдайын жақсарту және білім сапасын арттыру үшін және педагог кадрлардың жетіспеушілігін шешуде онлайн оқытуды ұйымдастырып іске асырған дұрыс. Ауыл мектептерінде онлайн оқытуды іске асыру 2022 жылы Ақтөбе облысында «Білім ал» өңірлік жобасы негізінде жүзеге асырылып, онлайн оқытуды іске асыруда 2023-2024-оқу жылында Ақтөбе облысының ауыл мектептерін дамыту мәселесінде республика бойынша іске асырылып жатқан «Цифрлық технологияларды пайдаланып ауыл мектептерінің әлеуетін артыру» жобасының негізінде шекара маңындағы шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру жұмыстарын іске асыру ұсынылады.

Шекара маңындағы ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру жобасының мазмұндық-технологиялық қамтамасыз етілуі

Шекара маңындағы шағын жинақты ауыл мектептерін Тірек мектебіне біріктіру арқылы шағын жинақты мектептердің әлеуетін онлайн оқыту арқылы артыру ұсынылады. Жобада тірек мектебіне: МТБ жағдайы жақсы; педагогикалық кадрлармен толықтай жасақталған; қосымша білім берудің шарттары; КЖИ, интернет жылдамдығы кемінде 20 Мбит/секундтан жоғары; медициналық қызмет көрсету ұйымдастырылған; біріктірілген мектептер саны 2-ден 6-ға дейін: тірек мектебінен 3 км.-дан 60 км.-ға дейінгі мектептер және қажет болған жағдайда одан да алыс жатқан мектептер ескеріледі.

Онлайн оқытуды ұйымдастыру кезінде Онлайн сыныптағы білім алушы саны – 15/20 білім алушыдан қарастырылғаны дұрыс. Ол онлайн оқытуды ұйымдастыруда компьютердің экраны арқылы барлық білім алушылармен кері байланыс жасауда тиімді.

Онлайн сабақтарды ұйымдастыру кезеңінде онлайн сабаққа қосылуда кедергілерді алдын ала қарастыру мақсатында 5 минут уақытты онлайн педагогтің ассистентіне (бұлан әрі – Ассистент) берілгені дұрыс. Себебі, ассистент білім алушылардың сабаққа қосылуын қамтамасыз етеді.

Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі. Өтілетін жаңа сабақты онлайн педагог (бұдан әрі – ОП) жүргізеді. Онлайн педагог санитарлық нормаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес мектепалды сыныптарда және мектептерде тікелей бейнетерминалмен, дербес

компьютермен, планшетті дербес компьютермен және ноутбуктермен сабақтардың үздіксіз ұзақтығы оқу сағаты ішінде: 1) мектепалды, мектепке дейінгі топтарда (сыныптарда) және 1 сыныптарда – 15 минуттан аспайды; 2) 2-3-сыныптарда – 20 минуттан аспайды; 3) 4-5-сыныптарда – 25 минуттан аспайды; 4) 6-8 сыныптарда – 25 минуттан аспайды; 5) 9-11 (12) сыныптарда – 30 минуттан аспайды.

Онлайн педагог әр сыныптың онлайн оқыту нормаларына сәйкес онлайн білім беру ресурстарын қолданып, жаңа тақырыпты түсіндіреді. Жаңа тақырыпты бекіту бойынша тапсырмаларды орындайды. Сабақта қашықтан оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдерін қолданады. Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасына жауап береді.

Сабақты бекіту кезеңі – 10 минут. Бұнда онлайн педагогтің ассистенті: жаңа материалды игерудегі проблемалық мәселелерді анықтауға бағытталған кері байланыс береді; білім алушылардың оқу жетістіктеріне формативті бағалау жүргізеді; үй тапсырмасын жүктеуді үйлестіреді; білім алушыларға білімін толықтыру бойынша жұмыстар жүргізеді; білім алушылардың білім сапасына жауапты болады.

«Математика», «Физика», «Химия», «Биология» және «Ағылшын тілі» (5-11-сыныптар) пәндері бойынша онлайн педагог пен онлайн педагогтің ассистенті: Қысқа мерзімді тақырыптық жоспарды, қысқа мерзімді сабақ жоспарын, бөлім бойынша және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды, технологиялық карталарды әзірлейді. Цифрлы білім беру ресурстарын және қашықтан білім беру технологиялары негізінде оқу қызметін ұйымдастырады.

Қашықтан оқытуды ұйымдастыруда келесі оқу модельдерін қолдану ұсынылады. Бұл модельдер «тірек мектебі мен магнитті мектептерде» онлайн оқытуда тиімді.

Қашықтықтан оқыту моделі: 1. Синхронды оқыту – нақты (виртуалды) уақыт режимінде жүргізілетін оқыту моделі. **2. Асинхронды оқыту** – сабақтан тыс уақытта жүзеге асырылады. **3. Аралас/гибридті оқыту** – офлайн және онлайн форматта аралас оқытылады. **4. Кеңес берушілік модель** – педагогтің қолдауымен білім алушының жеке қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.

Онлайн оқытуды жүзеге асырудан күтілетін нәтижелер:

- магнитті мектеп білім алушылары үшін тірек мектебінде білім беру ресурстары қолжетімді болады;
- Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы білімдегі алшақтық қысқарады (PISA нәтижелері бойынша);
- Тірек мектебінде сессиялық және сессияаралық жұмысты ұйымдастыру қамтамасыз етіледі;
- білім алушыларға бейіналды және бейіндік білім беру жүйесін дамыту үшін жағдайлар жасалады, ерте кәсіптік бағдарлау шеңберінде ҚБТ (қашықтан білім беру техникаларын) пайдаланады;

■ магнитті мектептерде бейіні бойынша педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі.

Шекара маңындағы мектептерді дамыту бойынша жобаларды оқу-әдістемелік сүйемелдеу және ғылыми-әдістемелік қолдау. «Цифрлы технологияларды пайдаланып Ақтөбе облысындағы ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру» жобасы – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен, сонымен қатар «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының, «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қоғамдық қоры; Министрліктің құрылымдық бөлімшелері (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Білім мазмұнын сараптау орталығы; «Өрлеу» Ұлттық біліктілік арттыру орталығының, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» Ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ) және «Дарын», «Білімленд», «Аман-сұлтан», «Рокет» секілді білім беру платформаларының бірлескен жобасы.

Сондықтан шекара маңындағы мектептерді қашықтан оқытуға көшіруді ұйымдастыруда Ақтөбе облысының тәжірибесін басшылыққа алу ұсынылады. Ақтөбе облысындағы жүргізілген тәжірибе төменде беріледі.

«Цифрлы технологияларды пайдаланып Ақтөбе облысындағы ауыл мектептерінің әлеуетін арттыру» жобасына оқу-әдістемелік қолдау көрсету» жобасында пилоттық жобаның жұмысын оңтайландыру мақсатында Нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді.

Академия тарапынан өңірдің **134** мектеп басшысы мен **233** педагогіне арнайы оқыту семинарлары ұйымдастырылды. Пилоттық жоба бойынша «Өрлеу» ҰБАО тренерлеріне оқыту семинарлары ұйымдастырылып, онлайн оқытуды іске асыру бойынша ұсыныстар берілді.

Пилотқа кіретін мектептердің мәліметтері жинақталып, мәліметтер базасы құрылып, Онлайн педагогтер тізімі жасақталды.

Сонымен қатар 17-18-тамыз күндері Ақтөбе қаласында өткен семинарда пилоттық жобаға оқу-әдістемелік қолдау және ғылыми-әдістемелік көмек көрсетілді. Тамыз кеңесінде жоба бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жобаны апробациядан өткізу әдіснамасы әзірленді.

Жобаның қызметінде: Ақтөбе облысындағы **204** ШЖМ-ның **134 (66%) (5304** білім алушы, **223** педагог) жобамен қамтылды. Оқыту бес пән (ағылшын тілі, физика, химия, математика, биология) бойынша жүргізілуде.

«Цифрлық технологияларды пайдаланып Ақтөбе облысындағы шағын жинақты ауыл мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасына критерийлер арқылы өңірдің шағын жинақты 134 мектебі іріктелініп, 3 модель бойынша іске асыру ұсынылды.

Олар: 1. «Стриминг» дәрістері негізінде өңірдегі 2022 жылдың қараша айында басталған «Білім ал» жобасының шеңберінде жүргізіледі. Модельде өңірдің 36 үздік педагогі шағын жинақты мектептерге онлайн сабақтар өткізуде.

Стриминг режимінде **89** мектептің **3491** білім алушысына (6-11 сыныптар) **36** онлайн педагог кестеге сәйкес дәрістер жүргізуде. Онлайн дәрістер нақты уақыт режимінде барлық мектептерді бір уақытта онлайн сабаққа қосумен жүзеге асырылуда (*бір тілде оқытатын бір сынып білім алушыларына*).

Онлайн педагог шағын жинақты мектеп білім алушылары мен педагогтеріне жаңа тақырыпты түсіндіріп, сабақтарды талапқа сай ұйымдастырып өткізеді.

Онлайн педагогтің ассистенті қалған сабақтарды Үлгілік оқыту бағдарламаларына сәйкес офлайн жүргізеді, зертханалық және практикалық жұмыстарды бағалап, ұйымдастырады.

2. «Тірек мектебі – магнитті мектеп» моделінде ауылдық тірек мектептердің педагогтері шағын жинақты мектептерде «Химия», «Биология», «Математика», «Физика» және «Ағылшын тілі» пәндерін онлайн оқытады. Оқыту синхронды, асинхронды, гибриді және кеңес берушілік түрінде жүзеге асырады.

Модельде **12** тірек мектебінен **5** пән бойынша жасақталған **129** онлайн педагогі **36** магнитті мектептің **1504** білім алушысына (СанЕмН нормаларына сәйкес – 20 минут) сабақ өткізеді.

Тірек мектептің онлайн педагогі сабақтың мазмұнына, білім сапасына жауапты болса, онлайн педагогтің ассистенті онлайн сабақты ұйымдастырушылықпен және жаңа материалдарды меңгеруде көмек көрсетеді.

Аталған модельді жүзеге асыру барысында онлайн оқыту тақырыптарын таңдау және негіздеу, бірлескен сабақты жоспарлаудың ұтымдылығы, оқытудың тиімді әдістерін таңдау және пайдалану, онлайн сабақта бағалауды жүзеге асыру тоқсан сайын зерттеліп, бақыланады.

3. **Интернеті жоқ немесе интернет жылдамдығы төмен 9** шағын жинақты мектепте цифрлық шешімдерді пайдаланып, офлайн сабақтарды ұйымдастыру.

Тұрақты интернеті жоқ немесе Интернет жылдамдығын арттырудың техникалық мүмкіндігі жоқ **9** мектепте **309** білім алушыға цифрлы шешімдерді пайдаланып **55** педагог офлайн сабақтарды ұйымдастыруда.

Мектептерге «BilimCenter», «Roqed Science», «DarynOnline» білім беру платформаларын орнатылуда.

Пилоттық жоба шеңберінде шағын жинақты мектеп педагогтерінің цифрлық құзыреттілігін арттыру және білім беруде әдістемелік сүйемелдеу жүргізілуде.

Өткізіліп жатқан онлайн сабақтарға Академия мамандары, Облыстық білім басқармасының, аудандық білім бөлімдерінің жауапты мамандары қатысып, апта қорытындысы бойынша жұма күндері сабақтарға талдау жүргізіліп, туындаған мәселелер анықталып, кері байланыстар беріліп отырады.

Пәндерді онлайн оқыту бойынша педагогтерге Республикалық физика-математика мектебі және «Білім-инновация» лицейлерінің педагогтері тарапынан

оқу-әдістемелік қолдау көрсету мақсатында пәндер бойынша жұмыс тобы жасақталды.

Сонымен қатар пилоттық жобаға кіретін мектеп педагогтері үшін «Өрлеу» ҰБАО-ның платформасынан форумдар ашылды. Форумда педагогтер мен мамандар пәндерді онлайн оқыту барысында инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану бойынша ойларымен бөлісіп, пікірталастар ұйымдастыра алады.

3 модель қазіргі уақытта апробациядан өткізілуде, оқу жылының соңында мониторинг қорытындысы ұсынылып, көпшілікке таратылады.

Оқу жылының соңында Жобадан күтілетін нәтижелер:

- білім алушылардың «Математика», «Химия», «Биология», «Физика» және «Ағылшын тілі» пәндерінен білім сапасын арттыруға мүмкіндіктер туындайды;
- білім алушылардың цифрлық кеңістікте өздігінен жұмыс істеу құзыреттілігі дамып, цифрлық ортада қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптасады;
- ШЖМ-ларды жоғары жылдамдықты Интернетпен қамту мәселелері шешіледі;
- білім алушыларға, педагогтер мен мектеп әкімшілігіне цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға қолжетімділік қамтамасыз етіледі;
- шағын жинақты мектептерді дамытуда тірек мектептерінің әлеуеті артып, мектептер арасында пәндерді меңгертуде және білім сапасын арттыруға бағытталған әдістемелік орта қалыптасады;
- цифрлық технологияларды тиімді пайдалану біріктірілген сыныптарда сабақ жүргізетін педагогтерге қосымша көмек ретінде қаралып, оқу процесін оңтайландыруда оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қолдау ретінде жүзеге асырылады.
- педагогтердің цифрлық шешімдерді қолдануы бойынша біліктілігі мен құзыреттілігі артады;
- НҚА-ға қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп педагогтерге қосымша жүктемесі үшін үстемақы төлеу мәселелері қарастырылады;
- пилоттық жобаны масштабтау бойынша ұсыныстар әзірленеді және т.б.

Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылынан бастап Оқу-ағарту министрлігі мен «Майкрософт Қазақстан» компаниясы арасындағы Ынтымақтастық меморандумы негізінде Солтүстік Қазақстан облысындағы ауыл мектептерінде «Майкрософт» платформаларының мүмкіндіктерін қолданылып, оқу процесінде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану бойынша жобалары іске асырылып жатыр.

«Майкрософт» платформаларының мүмкіндіктерін қолданып, оқу процесінде цифрлық технологияларды пайдалана, білім беру сапсын жақсарту мақсатында 2022-2023 оқу жылында Солтүстік Қазақстан облысының 107 педагогі «Майкрософт» компаниясының платформасында біліктілік арттыру курсынан өтті.

Қазіргі уақытта Пилоттық жобамен Солтүстік Қазақстан облысының 40 ауылдық мектебі қамтылған. Оқу жылының соңында Жобалардың нәтижелері

шығарыла, мониторинг қортындысы ұсынылып, Жобаларды масштабтау жұмыстарын іске асыру жоспарланып отыр.

ЫІ. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы ауыл мектептері мен шағын жинақты мектептерді дамытуға бағытталған кез келген жобаға келесіде берілген бағыттарда қолдау білдіреді:

• **Ғылыми-әдістемелік бағытта:** халықаралық тәжірибені зерделейді; ғылыми-әдістемелік бағытта жұмыстар жүргізеді; білім сапасын арттыру бағытында жұмыстар жүргізеді.

Атқарылған жұмыстар: Жоба негізінде Ақтөбе облысының педагогтерімен бірлесе 2 әдістемелік ұсынымдама әзірленді, ауыл мектептерінің педагогтері үшін ғылыми-практикалық семинар ұйымдастырылды.

2. Оқу-әдістемелік бағыттар: жобаларды оқу-әдістемелік қамтамасыз етеді; озық тәжірибелерді зерттеп, талдап, сипаттап, таратады.

Атқарылған жұмыстар: «БІЛІМ ALL» жобасы негізінде педагогтердің онлайн сабақтарына қатысып, кері байланыстар берілді, әдістемелік ұсынымдамалар жазылды.

3. Ақпараттық-талдау және диагностикалық бағытта: деректер базасын, зерттеу, ақпараттық базалар құрылды; оқыту процесіне жүйелі мониторинг жүргізілді; оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар берілді.

Атқарылған жұмыстар: педагогтермен бірлесе әдістемелік ұсынымдамалар жазылды.

4. Ұйымдастырушылық - әдістемелік бағытта: өңірлік әдістемелік кабинет мамандарымен бірлесе жобалардың жұмысын зерттеу, ұсыныстар беру.

Атқарылған жұмыстар: Ақтөбе, Солтүстік Қазақстан облыстарының педагогтерімен бірлесе ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізілді. Келесіде пилоттық жобаларда өткізіліп жатқан сабақтардың қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері берілген.

Шекара маңындағы ауыл мектептері үшін онлайн сабақтарды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар
«Стриминг» лекцияларды өткізу бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарлары
«Алгебра» пәнін онлайн оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар
Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: I тарау. Алғашқы функция және интеграл	Мектеп: АОМФМЛИ
Педагогтің аты-жөні:	Жолмағанбет А.Ә.
Күні:	
Сыныбы: 11	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Интегралдау тәсілдері: айнымалыны алмастыру әдісі
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	11.3.1.4 – айнымалыны алмастыру әдісімен интегралды есептеу;
Сабақтың мақсаты:	- Оқушыларды қисықсызықты трапеция ұғымымен таныстыру, қисықсызықты трапецияның ауданын табуды үйрету, берілген функция үшін алғашқы функцияны анықтау бойынша білімдерін жетілдіру. Оқушыларды ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа, дәлдікке тәрбиелеу; Оқушылардың ойын жеткізу білуін және ой өрісін дамыту.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар						
Сабақтың басы	Өткен білімді еске түсіру үшін төменгі тапсырма ұсынылады. Тапсырма. Туындыны табыңыз: 1) $y = x^3$; 2) $y = x^3 + x^2 - 5x$; 3) $y = \sin x$; 4) $y = \lg x$ - Дифференциалдау ережелері қандай?	Сын тұрғысынан ойлау техникасы Сәйкестендіріңіз <table><tr><td>$\int (x^3 + \sin x) dx$</td><td>А. $F(x) = \sqrt{x} + \frac{x^4}{4} + C$</td></tr><tr><td>$2. \int (x^2 + \cos x) dx$</td><td>Ә. $F(x) = 2 \ln x - 3x + C$</td></tr><tr><td>$3. \int (x^9 + \lg x) dx$</td><td>Б. $F(x) = \frac{1}{70} (7 + 5x)^{14} + C$</td></tr></table>	$\int (x^3 + \sin x) dx$	А. $F(x) = \sqrt{x} + \frac{x^4}{4} + C$	$2. \int (x^2 + \cos x) dx$	Ә. $F(x) = 2 \ln x - 3x + C$	$3. \int (x^9 + \lg x) dx$	Б. $F(x) = \frac{1}{70} (7 + 5x)^{14} + C$	Мұғалім ұйымдас-тыру кезеңін-де белсенді-лік танытқа-н оқушыл-арды	Презентация Тақта Бор Кітап Дәптер http://zkoipk.kz/math-textbook-
$\int (x^3 + \sin x) dx$	А. $F(x) = \sqrt{x} + \frac{x^4}{4} + C$									
$2. \int (x^2 + \cos x) dx$	Ә. $F(x) = 2 \ln x - 3x + C$									
$3. \int (x^9 + \lg x) dx$	Б. $F(x) = \frac{1}{70} (7 + 5x)^{14} + C$									

Интегралдау - бұл дифференциалдауға кері үрдіс. Тапсырма. Интегралды табыңыз: 1) $\int 3x^2 dx$; 2) $\int (3x^2 + 2x - 5)dx$; 3) $\int \cos x dx$; 4) $\int \frac{1}{\cos x} dx$ Нені байқадыңыздар? <i>Теориялық материалды еске түсіріп қайталау</i> Интегралды есептеу қолайлы болу үшін, жиі айнымалы енгізу қолайлы болатындығын айтыңыз. Интегралдау айнымалы x тан жаңа айнымалы t ға көшу $x = \varphi(t)$ анықталмаған интегралда алмастыру (айнымалы енгізу) әдісі деп аталады және келесі түрде сипатталады: $\int f(y(x)) \cdot y'(x)dx = \int f(y(x)) dy$ Оқушыларға айнымалы енгізу әдісіне екі мысалдан келтіртіңіз. Сыныпты жұптарға біріктіріңіз, өзара тексеріс жасату арқылы тапсырмалар орындатыңыз. . 5. Жаңа тақырыпты бекіту.Есеп шығару барысында дағдыларын қалыптастыру. Сабақтағы дифференциация материалды қиындату арқылы жүзеге асады.	<table><tr><td>4. $\int \left(\frac{1}{2\sqrt{x}} + x^3\right) dx$</td><td>В. $\frac{x^4}{4} - \cos x + C$</td></tr><tr><td>5. $\int \left(\frac{1}{x^2} + x^3\right) dx$</td><td>Г. $F(x) = \frac{x^{10}}{10} - \ln \cos x + C$</td></tr><tr><td>6. $\int (2 - 9x)^6 dx$</td><td>Г. $F(x) = x + C$</td></tr><tr><td>7. $\int (7 + 5x)^{13} dx$</td><td>Д. $F(x) = \frac{x^3}{3} + \sin x + C$</td></tr><tr><td>8. $\int (\sin^2 x + \cos^2 x) dx$</td><td>Е. $F(x) = -\frac{1}{63} (2 - 9x)^7 + C$</td></tr><tr><td>9. $\int \left(\frac{2}{x} - 3\right) dx$</td><td>Ж. $F(x) = \frac{1}{6} \sin 6x + C$</td></tr><tr><td>10. $\int (\cos^2 3x - \sin^2 3x) dx$</td><td>З. $F(x) = -\frac{1}{x} + \frac{x^4}{4} + C$</td></tr></table> Жауабы: 1-В; 2-Д; 3-Г; 4-А; 5-З; 6-Е; 7-Б; 8-Г; 9-Д; 10-Ж Анықталмаған интегралдың көптеген қолданбалы бағыттары бар. Оның көмегімен нүкте арқылы өтетін жолды, айнымалы тоқтың жұмысын, сұйық пен газдың қысымын, ауырлық центрінің координаталарын, стерженнің массасын. Сонымен интеграл пайда болуы мен дамуы қолданбалы есептерді шешумен байланысты математикалық ұғымдардың қатарына жатады. Есеп 1. Бірлік электр зарядының қозғалуы бойынша электростатикалық өріс күшінің жұмысын табыңыз. Егер қозғалыс траекториясы $f(x)$ функциясымен берілсе, онда жұмыс келесі түрде анықталады: $A = qE \int f(x) dx$ Есеп 2. Конденсатордағы кернеуді табыңыз, егер $i = C \frac{dU}{dt}$ болса. Кернеу келесі түрде анықталмаған интегралдың көмегімен табылады: $U = \frac{1}{C} \int i dt$.	4. $\int \left(\frac{1}{2\sqrt{x}} + x^3\right) dx$	В. $\frac{x^4}{4} - \cos x + C$	5. $\int \left(\frac{1}{x^2} + x^3\right) dx$	Г. $F(x) = \frac{x^{10}}{10} - \ln \cos x + C$	6. $\int (2 - 9x)^6 dx$	Г. $F(x) = x + C$	7. $\int (7 + 5x)^{13} dx$	Д. $F(x) = \frac{x^3}{3} + \sin x + C$	8. $\int (\sin^2 x + \cos^2 x) dx$	Е. $F(x) = -\frac{1}{63} (2 - 9x)^7 + C$	9. $\int \left(\frac{2}{x} - 3\right) dx$	Ж. $F(x) = \frac{1}{6} \sin 6x + C$	10. $\int (\cos^2 3x - \sin^2 3x) dx$	З. $F(x) = -\frac{1}{x} + \frac{x^4}{4} + C$	«Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: «Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талпын!»	project/10-class/3301-algebra-10.html
4. $\int \left(\frac{1}{2\sqrt{x}} + x^3\right) dx$	В. $\frac{x^4}{4} - \cos x + C$																
5. $\int \left(\frac{1}{x^2} + x^3\right) dx$	Г. $F(x) = \frac{x^{10}}{10} - \ln \cos x + C$																
6. $\int (2 - 9x)^6 dx$	Г. $F(x) = x + C$																
7. $\int (7 + 5x)^{13} dx$	Д. $F(x) = \frac{x^3}{3} + \sin x + C$																
8. $\int (\sin^2 x + \cos^2 x) dx$	Е. $F(x) = -\frac{1}{63} (2 - 9x)^7 + C$																
9. $\int \left(\frac{2}{x} - 3\right) dx$	Ж. $F(x) = \frac{1}{6} \sin 6x + C$																
10. $\int (\cos^2 3x - \sin^2 3x) dx$	З. $F(x) = -\frac{1}{x} + \frac{x^4}{4} + C$																

Айнымалы енгізу арқылы анықталмаған интегралдарды есептеңіз:

6.Ұжымдық жұмыс

Жаттығулар. слайд №7-

9слайдтар

Оқушылардың жеке жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жеке жұмыс беріледі

7.Жеке жұмыс слайд №10

Кейбір функциялар үшін «интегралды өзіне келтіру» әдісі қолданылады.

$$\begin{aligned}
 I &= \int e^x \sin x dx \\
 &= \left| \begin{array}{l} u = e^x; dv = \sin x dx \\ du = e^x dx; v = -\cos x \end{array} \right| \\
 &= -e^x \cos x + \int e^x \cos x dx = \\
 &\quad \left| \begin{array}{l} u = e^x; dv = \cos x dx \\ du = e^x dx; v = \sin x \end{array} \right| = \\
 &= -e^x \cos x + e^x \sin x - \int e^x \sin x dx = \\
 &\quad -e^x \cos x + e^x \sin x - I; \\
 2I &= e^x \sin x - \\
 e^x \cos x; \quad I &= \frac{e^x \sin x - e^x \cos x}{2}
 \end{aligned}$$

Проблемадық мәселе: $\int \ln x dx$ интегралын есептеу керек.

Бұл интеграл бізге бұрыннан белгілі әдістермен немесе кестелік интеграл арқылы табуға келмейді.

Сабақ тақырыбымен мақсатын анықтау.

Бөліктеп интегралдау формуласын енгізу.

$$\int u dv = uv - \int v du$$

Бұл формула көбінесе интеграл астында алгебралық және трансценденттік функциялардың көбейтіндісі тұрған кезде қолданылады, мысалы $\int x^n \cdot e^x dx$, $\int x^n \cdot \ln x dx$

$$\begin{aligned}
 \int \ln x dx &= \left[\begin{array}{ll} u = \ln x, & du = \frac{1}{x} dx, \\ dv = dx, & v = x \end{array} \right] = x \ln x - \int x \cdot \frac{1}{x} dx = \\
 &= x \ln x - \int dx = x \ln x - x + C
 \end{aligned}$$

Бөліктеп интегралдау формуласын қолдану үшін нені u ал нені dv деп белгілейтінімізді айқын білу керек, ол үшін келесі ағылшын сөзін «**LIPET**» есте ұстау керек. «**LIPET**» - бұл аббревиатура, оның әрбір әрпі функцияның түрін білдіреді.

L	Logs	Логарифмдік
I	Inverse trig	Кері тригонометриялық
P	Polynomial	Полином (көпмүшелік, дәрежелік)
E	Exponential	Экспонента (көрсеткіштік)
T	Trig	Тригонометриялық

III. Тақырыпты бекіту: Келесі есептерді оқушылармен талдап шығару:

$$\int \arcsin x dx = \qquad 2. \int \arctg 5x dx =$$

		$\int \log_a x dx =$ $4. x^2 \sin 5x dx =$ $\int x^2 \sin 5x dx = x^2 \sin 5x dx = x^2 \sin 5x dx = x^2 \sin 5x dx = \int x^2 \sin 5x dx =$		
Сабақтың ортасы	Үш топқа мәселелік есептер ұсынылады. 1-топ. Анықталмаған интегралы есептеңіз: $\int (3x^5 - 0,5x^2 + \frac{1}{\cos^2 x}) dx$. Дифференциалдау ережелеріне сүйеніп, интегралдау ережелерін қорытып шығыңыз. 2-топ. Анықталмаған интегралы есептеңіз: $\int -3 \sin x dx$; Дифференциалдау ережелеріне сүйеніп, интегралдау ережелерін қорытып шығыңыз. 3-топ. Анықталмаған интегралы есептеңіз: $\int (x^6 + \cos x) dx$; Дифференциалдау ережелеріне сүйеніп, интегралдау ережелерін қорытып шығыңыз. <i>Жауабы:</i> 1) $2x^6 - \frac{1}{6}x^3 + \operatorname{tg} x + C$; 2) $3 \cos x$; 3) $\frac{x^7}{7} + \sin x + C$; Бөліктеп интегралдау әдісімен интегралды есептеу дағдысын қалыптастыру анықталмаған интегралды есептейді . Слайдтар 5-12 Дескрипторлар :	Тапсырма. Қатені табыңыз: 1) $\int (3x^2 + 2x) dx = \frac{x^3}{3} + x^2 + C$; 2) $\int (\frac{1}{2}x + x^4) dx = \frac{x^2}{2} + \frac{x^5}{5} + C$; 3) $\int (2x - \frac{3}{x^4}) dx = x^2 + \frac{1}{x^3} + C$; 4) $\int (\cos x + \cos(-x)) dx = C$; 5) $\int (\frac{1}{3\cos^2 x} + 4) dx = \frac{1}{3} \operatorname{tg} x + 4x + C$; 6) $\int (\cos^2 x + \sin^2 x) dx = C$; 7) $\int (\cos^2 \frac{x}{2} - \sin^2 \frac{x}{2}) dx = \sin x + C$. <i>Жауабы:</i> 1), 2) 4), 6) –да қателер бар. Тақтадағы жауаптары бойынша бірін-бірі тексереді. Қарапайым: Тапсырма. Интегралды есептеңіз. а) $\int (x^2 - x + 1) dx$; б) $\int (5x^4 - \frac{1}{x^2}) dx$; в) $\int \sqrt{x} \cdot x dx$; г) $\int \frac{x^5 - 3}{x^2} dx$; Дескриптор: интеграл астындағы функцияның алғашқы функциясын дұрыс табады; анықталған интегралдың қасиеттерін дұрыс қолданады; анықталған интегралды есептеп, жауабын дұрыс анықтайды.	Дескриптор: -1-ші сұраққа жауап береді. 1-балл -2-ші сұраққа жауап береді. 1-балл -3-ші сұраққа жауап береді. 1-балл Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады	ДК экраны Сұрақтар топтамасы. Оқулық 11-сынып. Презентация Тақта Бор Кітап Дәптер


	бөліктеп интегралдау ережесін біледі; анықталмаған интегралды табу үшін бөліктеп интегралдау ережесін қолдана алады			
Сабақтың соңы	Қорытындылау. IV. Жұптық жұмыс. 1) $\int x \ln(x+1)dx$; 2) $\int \arctg \sqrt{x} dx$; 3) $\int x \sin \frac{x}{3} dx$; 4) $\int \arcsin x dx$; 5) $\int x e^{2x} dx$; 6) $\int x^2 \cos 2x dx$.	Рефлексия: Бүгінгі сабақ сіздерге ұнады ма? Бүгінгі тақырып бойынша алған керекті ақпараттарыңызды чемоданға салыңыздар (жазыңыздар), бүгінгі сабақтағы керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігіне салыңыздар (жазыңыздар). Ал бүгінгі ақпараттың ішінде әлі оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқышқа салыңыздар (жазыңыздар)  <i>Үйге тапсырма беру.</i> <i>№18 (3-4)</i> <i>№19(3-4)</i>	Бағалау . - Кейбір оқушыларға мұғалім тарапынан кері байланыс беріледі.	Презентация Тақта Бор Кітап Дәптер



**Шекара маңындағы ауыл мектептері үшін онлайн сабақтарды
ұйымдастыру. «Физика» пәнін онлайн оқыту бойынша әдістемелік
ұсынымдар**

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Бөлім:	Кинематика негіздері	
Педагогтің аты-жөні	Бозшин Б.Ж.	
Күні:		
Сынып: 9	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Түзу сызықты тең айнымалы қозғалыс. Үдеу	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.2.1.4-уақыттан тәуелділік графиктерінен орын ауыстыруды, жылдамдықты, үдеуді анықтайды	
Сабақтың мақсаты:	Барлығы үшін: Түзу сызықты тең айнымалы қозғалыс графикін пайдалана отырып негізгі шамаларды есептер шығару арқылы анықтайды	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы: (5-7 мин)	Ұйымдастыру Амандасу, түгендеу «Физикалық диктант» әдісі бойынша үй жұмысын тексеру 1. _____ ХБЖ өлшем бірлігі м/с 2. Жылдамдық – бұл _____ 3. Кезкелген бірдей уақыт аралығында дене бірдей жол жүретін қозғалыс – _____ 4. Бірқалыпты қозғалыс пен бірқалыпты емес қозғалыс айырмашылығы _____ 5. Орын ауыстыру дененің _____ және _____ нүктелерін қосатын _____ кесінді 6. Бірқалыпты қозғалыс кезінде тұрақты болатын шама – _____ Жаңа тақырыпты суреттегі қозғалыстың түрін анықтау арқылы ашу	Бос орындарды толтырады Оқушыларды топқа бөлу арқылы тапсырмаларды топпен	Бағалау парағымен өзін-өзі бағалау 	Карточкалар

	1-ші сурет пен 2-ші суреттің айырмашылығы қандай?  Жаңа тақырыптық видеоролик көрсету арқылы түсіндіру	орындайды. Стратегияға белсене қатысады, сабаққа деген ынтасы артады. Назарларын бейнероликке аудару арқылы тақырыппен танысады		
Сабақтың ортасы: 35 мин	«Ізден. Тап» әдісі. Топтық жұмыс I топ: Теңүдемелі қозғалыс... II топ: Теңкемімелі қозғалыс.... III топ: Үдеу..... «Біреуі қонақта, екеуі үйде» әдісі бойынша есептер шығару (үш топқа бөлу) 1. Бастапқы жылдамдығы 5м/с самокатпен бала қырдан төмен зырғып келеді. Қозғалыс барысындағы үдеу 0,3м/с² тең. 40с өткен соң самокаттың ие болатын жылдамдығы қандай. График салып көрсет 2. Суретте дененің қозғалыс жылдамдығының уақытқа тәуелділік графигі көрсетілген. Дененің үдеуін анықтаңыз  3. (ЕБҚ үшін) Велоспортшының уақытқа тәуелді жылдамдығының графигі бойынша әрбір бөліктегі үдеуін анықтаңыз  Жаратылыстану ғылыми-сауаттылық тапсырмасы Нашар жол Жүргізуші автокөлігімен тұрақты	Тірек сөздерді пайдаланып, постер қорғайды Екеуі орнында қалып біреуі келесі топқа барып есептерді шығарып, тобына келіп түсіндіреді	«Екі жұлдыз, бір тілек»  Дескриптор: Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік теңдеуін жазады-1 балл Жылдамдықтың мәнін табады — 1 балл Графигін сызады-1 балл График бойынша шамалардың сандар мәндерін анықтайды-1 балл Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік теңдеуін жазады-1 балл Үдеудің мәнін табады-1 балл График бойынша шамалардың сандар мәндерін анықтайды-1 балл Жылдамдықтың уақытқа тәуелділік теңдеуін жазады-1 балл Жолдың бірінші бөлігіндегі үдеудің	Тірек сөздер ФЕШ

	жылдамдықпен қозғалып келе жатты. Алдында «Жолда жөндеу жұмыстары жүріп жатыр» деген белгіні көріп, жылдамдығын бірқалыпты кемітті. Нашар жолға түскен соң, бірқалыпты қозғалып, тегіс жолға шыққаннан кейін қайта жылдамдығын арттырды. Оның жылдамдығын төмендеткеннен бастап қозғалыс графигі көрсетілген. 1)Жолаушының нашар жолды басып өту уақыты 2)Автокөліктің бастапқы жылдамдығы 3)Автокөліктің тежелу кезіндегі үдеуі	Графикте берілген мәліметтерге сүйене отырып, Шапсырмаларды орындайды	мәнін табады-1 балл Жолдың екінші бөлігіндегі үдеудің мәнін табады-1 балл Жолдың үшінші бөлігіндегі үдеудің мәнін табады-1 балл Дескриптор: Графиктен дененің нашар жолдағы бөлігін анықтайды - 1балл Көліктің бастапқы жылдамдығын табады – 1балл Шапсырмаларды бір жүйеге келтіреді – 1 балл Теңайнымалы қозғалыстың теңдеуін жазады – 1балл Дененің үдеуін табады - 1балл	График
Сабақтың соңы: (3 мин)	«Білім станциясы» әдісі бойынша сабақты қорытындылау «Білім баспалдағы» 1.Мен білдім... 2.Мен үйрендім... 3.Маған ұнады.... 4.Мен қиналдым.... 5.Менің көңіл – күйім Тақырыпты оқып, есептер шығару	Сабақтан алған білімдері бойынша кестені толтырады	«Бас бармақ» әдісі	Интербел сенді тақта

Шекара маңындағы ауыл мектептері үшін онлайн сабақтарды ұйымдастыру. «Физика» пәнін онлайн оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар


Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Бөлім:	Термодинамика негіздері
Педагогтің аты- жөні	Бозшин Б.Ж.


Күні:		
Сынып: 10	Қатсушылар саны:	Қаыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Термодинамиканың бірінші заңы. Термодинамиканың бірінші заңын изопроцестерге қолдану. Адиабаталық процесс. Пуассон теңдеуі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	10.2.3.2-термодинамиканың бірінші заңын изопроцестерге және адиабаталық процеске қолдану	
Сабақтың мақсаты:	Барлығы үшін: термодинамиканың бірінші заңы формуласын изопроцестерге және адиабаталық процеске қолдана алады	
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы: (5-7 мин)	-Оқушылармен амандасу, түгендеу Оқушыларды стикерлер бойынша 4 топқа бөлемін; 1-топ -изобара 2-топ-изохора 3-топ изотерма 4-топ адиабата Үй тапсырмасы quizlet.com программасында берілген сұрақтар арқылы сұраймын «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы жаңа тақырыпты ашады Суреттердің сілтемелері https://image.shutterstock.com/z/stock-vector-heat-engine-second-law-of-thermodynamics-349829363.jpg https://shareslide.ru/img/thumbs/cc37cce3a86b9b5a491f992afeec9c36-800x.jpg	Мұғаліммен амандасады Стикерлерде берілген физикалық шаманың атауы, формуласы, өлшем бірлігі, анықтамасы бойынша өз топтарына барады Сурет арқылы тақырыпты ашады	Қб мадақтау	https://quizlet.com/brrb95?x=1qqd&i=3hw7ep
Сабақтың ортасы: 35 мин	Жылу қозғалтқыштарының суреті арқылы оқушыларға сұрақтар қою арқылы білімдерін жинақтаймын. Цилиндр түбіне эфирге батырылған мақтаны салып, дереу қозғалтсақ, онда мақтадағы эфир буы жалындайды. Бұл эффект	Сурет арқылы жаңа сабақта оқушылар не байқағанын түсіндіреді.	ҚБ мадақтау ҚБ, недескриптор	<i>Білім алушы:</i> изопроцестерді ажыратып, олар үшін

	қандай жұмыс принципі негізіне алынған? 1-тапсырма «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы топтарға құрылымдық тапсырма беремін 1. Графиктен изопроцестерді көрсетіңіз және ол процестер үшін термодинамиканың бірінші заңын жазыңыз  Суретке сілтеме https://itest.kz/kz/ent/fizika-2627/molekulalyq-fizika/lecture/ideal-gaz-kujining-tengdeui-gaz-zangdary 2. А) Идеал газ үшін изобаралық процеске сәйкес келетін өрнек? $\frac{P_1}{T_1} = \frac{P_2}{T_2}$ $\frac{V_1}{T_1} = \frac{V_2}{T_2}$ $P_1 V_1 = P_2 V_2$ $A = -\Delta U$ Б) Идеал газ үшін изотермиялық процеске сәйкес келетін өрнек? $\frac{P_1}{P_2} = \frac{V_2}{V_1}$ $\frac{P_1}{P_2} = \frac{T_1}{T_2}$ $\frac{V_2}{V_1} = \frac{T_1}{T_2}$ $A = -\Delta U$ В) Идеал газ үшін изохоралық процеске сәйкес келетін өрнек? $V_1 T_2 = V_2 T_1$ $p_1 T_2 = p_2 T_1$ $p_1 V_2 = p_2 V_1$ $A = -\Delta U$ Д) Қоршаған ортамен жылу алмаспайтын процесс а) $V_1 T_2 = V_2 T_1$	Оқушылар құрылымдық тапсырмаларды орындайды	термодинамиканың 1-заңын түрлендіреді [1]; - Изопроцестер заңдарын ажыратады [1]; - Термодинамиканың 1-заңын есеп шығаруда қолданады: Термодинамиканың 1-заңын изотермиялық процесс үшін түрлендіреді [1] Жұмысты есептеп табады [1]; Термодинамиканың 1-заңын изобаралық процесс үшін түрлендіреді [1] Жұмысты есептеп табады [1]; Термодинамиканың 1-заңын изохоралық процесс үшін түрлендіреді [1] Жұмысты есептеп табады [1]; Термодинамиканың 1-заңын	
--	--	--	--	--

	b) $p_1 T_2 = p_2 T_1$ $p_1 V_2 = p_2 V_1$ $A = -\Delta U$ Жылу алмасудың келесі жағдайында жасалатын жұмысты табыңыз: Изотермиялық процесс кезінде $0,2 \cdot 10^8$ Дж жылу мөлшері берілгенде; Газдың 600 мольін 400 К-ге изобаралық қыздырғанда ($R=8.31$ Дж/моль); 3.3 Массасы 2кг арғонды 150 К-ге изохоралы қыздыру үшін жылу мөлшері 935 кДж берілгенде; 3.4 Компрессордың цилиндрінде 8 моль гелийдің адиабаталық сығылу кезінде температурасының өзгерісі $40,1^0\text{C}$ кезінде; 2-тапсырма. «Әткеншек» әдісі арқылы функционалдық сауаттылық тапсырмасы беріледі. Дереккөз: Әуе шарларының ұшуын әр үрлі теорияда түсіндіруге болады, егер әуе шары газбен толырылған болса ол жоғары көтеріле бастайды. Биіктікке көтерілген сайын температура азайып, ауаның қысымы және оның тығыздығы шар тұйық болса азаяды, сәйкесінше шар төмен түсе бастайды. Бұндай жағдай орын алмас үшін шардың өменгі бөлігіне отын жіберетін саңылау жасайды. Ондағы жанып жатқан отынның мөлшерін азайтып көбейту арқылы ұшу биіктігін басқаруға болады. Бұл термодинамика заңына сәйкес келе ме? Мәселе:	Оқушылар функционалдық сауаттылық тапсырмасын орындайды.	иканың 1-заңын адиабаталық процесс үшін түрлендіреді [1] Жұмысты есептеп табады[1]; Дескриптор: Білім алушы: Изобаралық процесті анықтайды, дәлелін тұжырымдайды Изохоралық процесті анықтайды, дәлелін тұжырымдайды Изотермиялық процесті анықтайды, дәлелін тұжырымдайды	
--	--	---	---	--

	 Суреттерге сілтеме: https://sarvelo.ru/wp-content/uploads/8/1/3/813902720a013eff8745f023b9511a34.jpeg https://ae01.alicdn.com/kf/Hb7a6847a707e4e0891a940778d283a5a5.jpg https://newvz.ru/wp-content/uploads/2018/09/Dangerous_ball-1024x640.jpg https://cdn.profile.ru/wp-content/uploads/2019/12/Medicinski-e-banki-1200x675.jpg Тапсырма: - Іші ауа толтырылған шар тоңазытқышқа салынады. Сол кездегі шардың күйі қалай өзгереді? - Емдеуге арналған медициналық банкілерді қолданалар алдында ішіне ыстық, спиртпен суланған мақтаны салады. Себебін түсіндіріңіз? - Қол насосымен велосипед дөңгелегін баяу ауаға толтырады. Қандай өзгеріс болатынын сипаттаңыз? - Аяқ насосымен велосипед дөңгелегін мүмкіндігінше тезірек ауаға толырады. Өзгерісті сипаттаңыз? Процесс атауы Дәлел Бекіту (quizizz)		ды Адиабаталық процесті анықтайды, дәлелін тұжырымдайды	https://quizizz.com/admin/quiz/62d0f53de38f74001fefee2f?source=quiz_page
Сабатың соңы: (3 мин)	Рефлексия (ауа райы) Үйге тапсырма. Жаттығу. Изопроцестердің техникада қолданылуы			

**Шекара маңындағы ауыл мектептері үшін онлайн сабақтарды ұйымдастыру. «Химия» пәнін
онлайн оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Мұғалімнің аты -жөні:	Мусина Г							
Пән/Сынып:	Химия, 10 - сынып							
Тарау немесе бөлім атауы:	10.2 В Кинетика							
Сабақтың тақырыбы:	«Тепе - теңдік константасын мен тепе-теңдік күйдегі концентрацияларды табу» тақырыбына есептер шығару							
Оқу мақсаты:	10.3.3.7 тепе -теңдік константасына қатысты есептерді шығару							
Сабақ мақсаты:	тепе-теңдік константасына әртүрлі факторлардың әсерін қарастыру; тепе-теңдік константасына қатысты есептер шығару.							
Бағалау критерийлері:	тепе-теңдіктің ығысуына қысым мен температураның әсерін анықтайды; тепе –теңдік константасын анықтайды; тепе-теңдіктегі концентрациясы есептейді.							
Сабақ барысы								
Сабақ кезеңдері	Педагогтің іс- әрекеті	Оқушының іс - әрекеті	Бағалау	Ресурстар				
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту	Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: «Тепе-теңдік константасын мен тепе-теңдік күйдегі концентрацияларды табу» тақырыбына есептер шығару «Мига шабуыл» әдісі арқылы жаңа сабақты ашу мақсатында ой қозғау сұрағын ұжымдық талқылау.	Мига шабуыл * Химиялық реакциялар бірдей жағдайда жүре ме? * Химиялық реакциялардың жылдамдығына не әсер етеді? *Химиялық тепе-теңдік неге динамикалық деп аталады.? * Химиялық тепе-теңдік константасы деген не? Оқушылар сұрақтарға жауап береді.	ҚБ Мадақтау. «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Тақырыптық презентация				
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу	Жаңа сабаққа түсінік береді. Берілген тапсырманы орындатады, бақылайды.	Тапсырма. Берілген реакция теңдеулерінің тепе –теңдік константасының өрнектерін жазыңдар. <table><tr><td>Реакция теңдеуі</td><td>Тепе -теңдік константасы өрнегі</td></tr><tr><td>S_(к) + O_{2(г)} ↔ SO_{2(г)}</td><td></td></tr></table>	Реакция теңдеуі	Тепе -теңдік константасы өрнегі	S _(к) + O _{2(г)} ↔ SO _{2(г)}		Дескриптор: -тепе -теңдік константасының өрнегін құрады.	Тақырыптық презентация Қосымша
Реакция теңдеуі	Тепе -теңдік константасы өрнегі							
S _(к) + O _{2(г)} ↔ SO _{2(г)}								

	Жауабы: Қысымның әсері: Реакция теңдеуі бойынша 2 көлем СО мен 1 көлем О₂ әрекеттескенде 2 көлем СО₂ түзілген. Сондықтан қысымды ұлғайтсақ , тепе-теңдік СО₂ түзілу бағытына қарай ығысады, ал қысымды кемітсек , тепе-теңдік СО мен О₂ әрекеттесу бағытына қарай ығысады. Температураның әсері: Тура реакция - экзотермиялық , ал кері реакция - эндотермиялық болғандықтан, температураны көтергенде тепе-теңдік жылу сіңіре жүретін реакция бағытына ығысады. Температураны төмендеткенде тепе-теңдік жылу бөле жүретін реакция бағытына ығысады. <i>Тепе-теңдік константасын мен тепе-теңдік күйдегі концентрацияларды табу есептеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.</i> Есеп. Қайтымды N₂ + 3H₂ = 2NH₃ жүйесіндегі заттардың бастапқы концентрациялары: [N₂] = 1,5 моль /л , [H₂] = 2,5 моль /л , [NH₃] = 0 моль /л. Аммиактың концентрациясы 0,5 моль /л болған кездегі сутек пен азоттың концентрацияларын есептеңдер. Дескриптор: сутек пен азоттың тепе-теңдіктегі концентрациясын есептейді.	<table><tr><td></td><td></td></tr><tr><td>CaCO_{3(к)} ↔ CaO_(к) + CO_{2(г)}</td><td></td></tr><tr><td>2SO_{2(г)} + O_{2(г)} ↔ 2SO_{3(г)}</td><td></td></tr><tr><td>C_(к) + H₂O_(г) ↔ CO_{2(г)} + H_{2(г)}</td><td></td></tr></table>			CaCO _{3(к)} ↔ CaO _(к) + CO _{2(г)}		2SO _{2(г)} + O _{2(г)} ↔ 2SO _{3(г)}		C _(к) + H ₂ O _(г) ↔ CO _{2(г)} + H _{2(г)}			Дескриптор: -тепе-теңдіктің ығысуына қысым мен температураның әсерін анықтайды.	Қосымша
CaCO _{3(к)} ↔ CaO _(к) + CO _{2(г)}													
2SO _{2(г)} + O _{2(г)} ↔ 2SO _{3(г)}													
C _(к) + H ₂ O _(г) ↔ CO _{2(г)} + H _{2(г)}													
	Кім тапқыр? 2CO_(г) + O_{2(г)} ↔ 2CO_{2(г)} ΔН = -566,0 кДж жүйесінде тепе-теңдік орнаған. Гомогенді реакцияда температура мен қысымның төмендеуі тепе-теңдікке қалай әсер етеді? №1 есеп. А + 2В ↔ D теңдеуінде тепе-теңдік орнағанда заттардың концентрациялары: [А] = 0,2 моль/л, [В] = 0,1 моль/л, [D] = 1,3 моль/л болған. Тепе -теңдік константасын есептеңдер. №2 есеп. Егер әрекеттесуші заттардың тепе-теңдік күйдегі концентрациялары: [SO₃] = 0,24 моль/л, [O₂] = 0,2 моль/л , [SO₂] = 0,6 моль/л тең болса, 2SO_{2(г)} + O_{2(г)} ↔ 2SO_{3(г)} + Q реакциясының тепе-теңдік константасын есептеңдер. Кім жылдам? Егер тепе-теңдік концентрациялары: [H₂] = 0,05 моль/л, [I₂] = 0,05 моль/л, [HI] = 0,03 моль/л тең болса, сутек пен йод	Дескриптор: -реакция үшін тепе-теңдік константасының өрнегін құрады; -тепе -теңдік константасын анықтайды. Дескриптор: -реакция үшін тепе-теңдік константасының өрнегін құрады; -тепе -теңдік константасын анықтайды. Дескриптор:	Қосымша Қосымша Тақырыптық презентация Қосымша										


		$N_2 + 3H_2 = 2NH_3$			булары әрекеттесу теңдеуінің тепе-теңдік константасы А) 0,12 В) 0,36 С) 0,28 D) 0,25 №3 есеп. Қайтымды реакция $A + B \leftrightarrow 2C$ теңдеуімен сипатталады. А және В заттарының әрқайсысы 1 мольден алынды. Тепе - теңдік орнаған қоспада 1,5 моль С заты қалды. А және В заттарының тепе-теңдіктегі концентрациялары мен тепе-теңдік константасын есептеңдер.	-А және В заттарының тепе-теңдіктегі концентрациясын есептейді; -тепе-теңдік константасының өрнегін қолданып, есепті шығарады.																					
		моль/ л	моль/ л	моль/ л																							
	С0- бастапқы конц	1,5	2,5	0																							
	Сж – жұмсалған конц	0,25	0,75	0,5																							
	Ст-т - тепе- теңдік конц	1,25	1,75	0,5																							
Берілген тапсырманы орындатады, бақылайды.					<table><tr><td></td><td colspan="3">$A + B = 2C$</td></tr><tr><td></td><td>моль/ л</td><td>моль/ л</td><td>моль/ л</td></tr><tr><td>С0- бастапқы конц</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Сж – жұмсалған конц</td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>Ст-т - тепе- теңдік конц</td><td></td><td></td><td></td></tr></table>		$A + B = 2C$				моль/ л	моль/ л	моль/ л	С0- бастапқы конц				Сж – жұмсалған конц				Ст-т - тепе- теңдік конц					
	$A + B = 2C$																										
	моль/ л	моль/ л	моль/ л																								
С0- бастапқы конц																											
Сж – жұмсалған конц																											
Ст-т - тепе- теңдік конц																											
Сабақ соңы Рефлексия	Сабақты қорытындылап, оқушылармен кері байланыс жүргізеді.				"InseRt"- әдісі арқылы сабақты қорытындылау																						
					Мен білемін	Мен нені үйрендім?																					

**Шекара маңындағы ауыл мектептері үшін онлайн сабақтарды ұйымдастыру. «Биология» пәнін
онлайн оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Бөлім	Заттардың тасымалдануы			
Педагогтың аты-жөні	Ерназарова Сауле Ансратдиновна			
Күні				
Сынып: 7	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны		
Сабақтың тақырыбы	§21 Қанайналым мүшелері – жануарлардағы тасымал.			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.1.3.6 жануарларда заттар тасымалына қатысатын мүшелерді танып білу			
Сабақтың мақсаты	1.Жануарлардың қан айналым мүшелерін сипаттау; 2. Қан айналым жүйелерінің типтерін ажырату;			
Бағалау критерийі	- Жануарлардың қан айналым мүшелерін сипаттайды; - Қан айналым жүйелерінің типтерін ажыратады.			
Ойлау дағдысы деңгейлері	Білу,түсіну,қолдану			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 2 мин	Ұйымдастыру кезеңі: - Амандасу; - Оқушыларды түгендеу Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Жүректен-жүрекке» тренингі арқылы оқушылар шеңбер бойымен бір біріне тілектер білдіреді. Оқушыларды «Домино» әдісі арқылы 3 топқа бөлу. Оқушыларға суреттер, сөздер, сөйлемдер, терминдер (тамырдың, сабақтың, жапырақтың, оймақтың т.б.) таратылады. Оқушылар олардың бір-бірімен байланысын табады.	Мұғаліммен амандасады, оқушылар бір – біріне бүгінгі сабаққа сәттілік тілеп, тілек айтады Оқушылар таратылған терминдер мен суреттердің		Презентация я «ЖҮРЕКТЕН-ЖҮРЕКKE» ПАТЛЫҚ ШЕҢБЕР  Топқа бөлу "Домино" 


		сәйкестігін тауып, топтарға бірігеді.		
Жаңа сабаққа кіріспе 8 мин	Өткен тақырыпты еске түсіру мақсатында «Балық аршу» әдісі арқылы оқушыларға сұрақ қойылады. Интербелсенді тақтадан балықтың қабыршақтарына бекітілген сұрақтарға оқушылар жауап бергенде қабыршақтары аршылады. Сұраққа жауап берген соң жаңа сабақтың тақырыбы ашылады. Сонымен қатар өсімдіктердегі заттардың тасымалдануын жүзеге асыратын мүшелер мен ұлпаларын сұрау арқылы, жаңа сабақпен байланыстыра отырып, сабақтың мақсаты ашылады.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу.	Сұрақтарға жауап берген оқушыларға «Жетон» таратылады.	
Ортасы 30 мин	Жаңа сабақ «BILIMLAND» сайтынан «Кинометафора» әдісі бойынша видеоролик көрсету арқылы жаңа сабақ қысқаша түсіндіріледі. Топтық жұмыс. Жаңа сабақтың мәтіні 3 топқа «Сатылау» әдісі арқылы бөлініп беріледі. I топ- Қан айналым жүйесінің типтері II топ- Омыртқасыз жануарлардың қан айналым мүшелері III топ- Омыртқалы жануарлардың қан айналым мүшелері Жаңа сабақ меңгеріліп болған соң, оқушылардың нәтижесін көру мақсатында қалыптастырушы бағалау тапсырмалары таратылады. Қалыптастырушы бағалау №1 Ағзалардың қанайналым жүйесінің ерекшелігін сипаттаңыз.  Қалыптастырушы бағалау №2	Оқушылар топта мәтінді талдап, постер қорғау арқылы бір-біріне түсіндіреді. Оқушылар қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын дескрипторге сүйеніп орындайды.	«Өзара бағалау» Дескриптор <i>Білім алушы</i> -омыртқасыз жануарлардың қанайналым жүйесінің ерекшелігін сипаттайды; -А суретіндегі омыртқасыз жануардың қанайналым жүйесін анықтайды;	«Кинометафора» әдісі  «Сатылау» әдісі 

Омыртқалы жануарлардың қанайналым жүйесін салыстырып, ағзалардың қанайналым жүйесіндегі өзгерістің себебін түсіндіріңіз.



Функционалдық сауаттылық тапсырмасы.

Төменде омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың қан айналым жүйесінің сызбасы көрсетілген. Осы сызба нұсқаны төменде берілген суреттерді қалай байланыстыруға болады? Үш дәлел айтыңыз.



Оқушылар қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын дескрипторге сүйеніп орындайды.

Оқушылар бүгінгі тақырыпты күнделікті өмірдегі кездесетін заттармен байланыстырып орындайды.

-Б суретіндегі омыртқасыз жануардың қан айналым жүйесін анықтайды;
Дескриптор негізінде бағалау
Дескриптор
Білім
алушы
омыртқалы жануарлардың қанайналым жүйесінің ерекшелігін сипаттайды;
омыртқалы жануарлардың қанайналым жүйесін салыстырып, өзгерістің заңдылықтары н түсіндіреді.




Сабақтың соңы 5 мин	Үйге тапсырма: §21 оқу; 4 –ші сызбаны дәптерге сызу; “Омыртқалы және омыртқасыз жануарлардың қан айналым жүйесінің эволюциясы” деген тақырыпқа шағын эссе жазу. Рефлексия «3/2/1 әдісі»: 1. Мен білетін үш нәрсе ... 2. Мені таңқалдырған екі нәрсе ... 3. Болашақта тереңірек қарастыратын бір нәрсе....	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.	Сабақтың соңында оқушылардың сабаққа белсенділігі және тапсырмаларды орындау нәтижесі бойынша формативті бағалау(10 балдық жүйе).	Рефлексия парағы
--------------------------------	--	---	--	-------------------------

2-модель. «Тірек мектебі – магнитті мектептерде» онлайн оқытуды ұйымдастыру бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарларының үлгілері

**Шекара маңындағы ауыл мектептері үшін онлайн сабақтарды ұйымдастыру. «Алгебра» пәнін
онлайн оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Бөлім:	9.3А Тригонометрия			
Педагогтің Т.А.Ә:	Оразбаев Медет Аманғалиұлы			
Күні:	15.02.2023			
Сынып: 9А	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы:	Келтіру формулалары есептер шығару			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	9.2.4.4 келтіру формулаларын қорытып шығару және қолдану;			
Сабақ мақсаты:	Барлық оқушылар: келтіру формаларын тұжырымдайды; Көпшілігі: келтіру формулаларын есептер шығаруда қолданады; Кейбірі: келтіру формулаларын қорытып шығарады;			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<u>Ұйымдастыру</u> Амандасу; Топқа бөлу: Оқушылар жасырылған карточкаларды таңдау арқылы 4 топқа бөлінеді. Әр топтан бағалаушы оқушы тағайындалып, бағалау парағы үлестіріледі. Сабақ тақырыбын және мақсатын айту; Бүгінгі сабақта меңгеретініңіз: Келтіру формулаларын тұжырымдайды; Келтіру формулаларын қорытып шығарады; Келтіру формулаларын есептер шығаруда қолданады;	Сұрақтарға жауап береді.		Тригонометрия-лық формулалар

	Келтіру формуласын қолданбалы есепте пайдаланады			
Сабақтың ортасы 10 мин	<u>Миға шабуыл</u> (2 балл) Үштік және жұптық жұмыс есебін ұсынып, бірлік шеңбер арқылы кейбір келтіру формулаларын оқушылардың қорытып шығаруына мүмкіндік беру. Дескриптор: 1) Бұрыштың қай ширекке тиісті екенін тауып, таңбасын анықтайды; 2) Ох, Оу осьтері бойынша жылжытуының шарттарын ескеріп, берілген функцияның атауы өзгермейді немесе өзгертіндігін қолданады; Егер түрлендірілетін тригонометриялық функциялардың аргументтерінде $\pi + t$, $\pi - t$, $2\pi + t$, $2\pi - t$ қосындылары болса, онда тригонометриялық функциялардың атаулары сақталады. Егер түрлендірілетін тригонометриялық функциялардың аргументтерінде $\frac{\pi}{2} + t$, $\frac{\pi}{2} - t$, $\frac{3\pi}{2} + t$, $\frac{3\pi}{2} - t$ түрдегі қосындылар болса, онда тригонометриялық функциялар атауларын өзгертеді. ($\sin \alpha \rightarrow \cos \alpha$, $\operatorname{tg} \alpha \rightarrow \operatorname{ctg} \alpha$). t аргументі бойынша алынған функцияның алдына бастапқы функция $0 < t < \frac{\pi}{2}$ шартты қанағаттандыратын таңбаны қою керек.	Интерактивті тақтаны пайдалану арқылы сәйкес жауаптарды анықтайды, пазлды құрастырады. Тақырып бойынша ресурстарды қарап, танысады	Дескриптор: 1) Бұрыштың қай ширекке тиісті екенін тауып, таңбасын анықтайды; 2) Ох, Оу осьтері бойынша жылжытуының шарттарын ескеріп, берілген функцияның атауы өзгермейді немесе өзгертіндігін қолданады; Мұғалім бағалау карточкасын қолданады.	https://learningapps.org/display?v=p4zgxd3uc23 Презентация

